ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

2018ж 26.07. № 174

Астана қаласы город Астана

Шетелдік мамандарды тарта отырып, кинематографиялық орталық құру, оның ішінде Астана қаласының аумағында киноөндіріс саласындағы арнайы экономикалық аймағын құру және пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу қызметтерін ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жауапты хатшысының 2018 жылғы 27 маусымдағы № 144 бұйрығына өзерістер енгізу туралы

2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына (бұдан әрі – Қағида) сәйкес қызметтік қажеттілікке байланысты **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Шетелдік мамандарды тарта отырып, кинематографиялық орталық құру, оның ішінде Астана қаласының аумағында киноөндіріс саласындағы арнайы экономикалық аймағын құру және пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу қызметтерін ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі жауапты хатшысының 2018 жылғы 27 маусымдағы № 144 бұйрығына мынандай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақта:

төраға:

Жоламанов А. Т. – Мәдениет және өнер істері департаментінің директоры, Айткулова А. Қ. - Мәдениет және өнер істері департаменті директорының орынбасарына ауыстырылсын;

Комиссия мүшелері:

Нурбекова А. Ж. - Мәдениет және өнер істері департаменті кинематография және театр өнері басқармасы басшысының міндеттерін атқарушы енгізілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

011716

Жауапты хатшының м. а. **Б. Тансыбеков**